

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Инженерия факультеті
Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы мәжілісінің
№7 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

31.03.2023 ж.

Қатысқандар:

1. ФСҚЕК төрайымы – п.ғ.к., доцент міндетін атқарушы Қошанова Гүлназира
2. Хатшы – Ғ.А.Шукенова

Комиссия мүшелері:

1. Қошанова Г.Д – п.ғ.к., доцент міндетін атқарушы

Комиссия мүшелері:

2. Ниязова Г.Ж.- п.ғ.к., доцент
3. Жунисов Н.М – PhD, аға оқытушы
4. Садыбеков Р. – магистр оқытушы
5. Искендірова Гүлзипа - оқытушы
6. Баялы Әзімхан - аға оқытушы
7. Шукенова Ғалия – аға оқытушы
8. Ағабекова Ақтолқын – PhD, аға оқытушы
9. Мейірбекова Оксана – аға оқытушы
10. Кибишов А. Т. – магистр оқытушы
11. Бабахан Ш.А.- магистр, оқытушы
12. Егембердиев Дилмурад – ДИА-111 тобының докторанты
13. Исакова Диара – АИА-111 тобының магистранты
14. Нұржан Бибісара - 6B07153- Электр энергетикасы білім алушы
15. Абдуллаева Карина – ААЖ – 011, 3-курс студенті
16. Полатбекова Қарлығаш – Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бөлімінің орынбасары.

Қатыспағандар: -**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. Жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасының мақсатына, оқыту нәтижелеріне, мазмұнына пікірлері мен ұсыныстарын анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру.
2. ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру.
3. ББ қайта қарауға, жетілдіруге негіздемелер орын алған жағдайда ББ паспортына, мазмұнына, оқыту нәтижелеріне өзгерістер мен толықтырулардың бекітілген талаптарға сай енгізілуін қадағалау.
4. Наурыз айында жүргізілген іс шаралар нәтижелерін Комиссия мәжілісінде талдау.

Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссия төрайымы Қошанова Г. күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасының мақсатына, оқыту нәтижелеріне, мазмұнына пікірлері мен ұсыныстарын анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру туралы сөз қозғады.

Ә.Баялы: ББ жобалау кезеңінде бағдарламаны оқыту нәтижелері тұжырымдалады. ОН оқыту деңгейімен, кәсіптік стандарттардың талаптарымен және жұмыс берушілердің талаптарымен/үміттерімен тоғыстырылған құзыреттерге байланысты қалыптастырылады. Сонымен қатар, сарапшылардың ұсыныстары мен тұжырымдамаларын да ескеріп, БББ-ға өзгерістер енгізілу қажет. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы №21 бұйрығымен өзгеріс енгізілген) негізінде және еңбек нарығының талаптарына сәйкес факультеттің бірқатар магистратура ББ – лары жаңартылып, ЕСУВО-ға тіркелді.

Шешім: Жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасының мақсатына, оқыту нәтижелеріне, мазмұнына пікірлері мен ұсыныстарын анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастырылсын.

Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы Қошанова Г: күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша сөз қозғады: ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастыру.

Ш.Бабахан: ББ құрастыруда түлектер атрибуттарын да айқындау тиіс. Сонымен қатар, түлектердің жұмысқа орналасуы деңгейін алдыңғы өткен жылғы мәліметтерін салыстырып талдау қажет. 2022-2023 оқу жылы бітірушілердің білім беру бағдарламасы мазмұнына, оқу процесін ұйымдастырудың нәтижелілігіне, бағалау саясатына және оқу барысында көрсетілген қызметтерге қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнама ұйымдастырылады. Жауаптылар: Факультет декандары, жоғары мектеп директоры, Тіркеуші офис, IT департамент, Іс-тәжірибе және жұмыспен қамту орталығы. Сауалнама нәтижелері 2023 жылдың тамыз айындағы Университеттің Академиялық комитетте талқыланып, ұсыныстар келесі оқу жылында оқу үдерісін ұйымдастыруда ескеріледі.

Шешім: ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар алу назарға алынсын.

Тыңдалды: Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы Қошанова Г күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөз қозғады: ББ қайта қарауға, жетілдіруге негіздемелер орын алған жағдайда ББ паспортына, мазмұнына, оқыту нәтижелеріне өзгерістер мен толықтырулардың бекітілген талаптарға сай енгізілуін қадағалау.

А.Ағабекова: Осы мәселе бойынша ББ жасайтын жұмыс топтары мына мәселелерді ескерулері тиіс:

ОН болуы керек: 1) Еңбек функцияларына бағдарланған; 2) синергияға ие болу, яғни пәндердің жиынтығы ғана емес, сонымен қатар күрделілік пен пән аралық байланысты ескеру; 3) еңбек нарығының перспективалық қажеттіліктеріне бағдарланған; 4) «жұмсақ» дағдыларды қосылған (soft skills) болуы тиіс. Сондай-ақ, пән сипаттамаларының талапқа сай 3 тілде жазылуы тексерілсін. Әр пәннің ерекшеліктеріне қарай ОН анықтаулы тиіс. Сауалнамалар нәтижесінде жаңа енгізілетін пәндер анықталуы тиіс.

Шешім: ББ қайта қарауға, жетілдіруге негіздемелер орын алған жағдайда ББ паспортына, мазмұнына, оқыту нәтижелеріне өзгерістер мен толықтырулардың бекітілген талаптарға сай енгізілуін қадағалау қолға алынсын.

Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы төрайымы Қошанова Г күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша сөз алып, наурыз айында жүргізілген іс-шаралар нәтижелерін қорытындылады:

1. Жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасының мақсатына, оқыту нәтижелеріне, мазмұнына пікірлері мен ұсыныстарын анықтау мақсатында сауалнамалар ұйымдастырылсын.
2. ББ бітірушілерінің ББ мазмұнына, оқу процесінің ұйымдастырудың нәтижелілігіне және бағалау саясатына қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар алу мерзімдері назарға алынсын.
3. ББ қайта қарауға, жетілдіруге негіздемелер орын алған жағдайда ББ паспортына, мазмұнына, оқыту нәтижелеріне өзгерістер мен толықтырулардың бекітілген талаптарға сай енгізілуін қадағалансын.

Мәжіліс төрайымы:



Г. Қошанова

Мәжіліс хатшысы:



Г. Шукенова